

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛГЕН»

«Атамекен» Қарағанды облысының
Кәсіпкерлер палатасының директоры
Е.Д. Кульпенсов


«13» 03 2023 г.



«КЕЛІСІЛГЕН»

«QazTehna» ЖИПС директоры
А.С. Майконов

«13» 03 2023 г.



«БЕКТЕМІН»

Председатель Правления - Ректор

Н.О. Дулатбеков

«13» 03 2023 г.

«6В11202 – HR: еңбек экономикасы және қауіпсіздігі»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Денгейі: Бакалавриат

Қарағанды, 2023

«6В11202- HR: еңбек экономикасы және қауіпсіздігі» бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2022 жылдың 1 қаңтарындағы өзгерістер және толықтыруларымен)
- «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы (2022 жылдың 10 қаңтарындағы өзгерістер және толықтырулармен)
- 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (№182 05.05.2020 ж.)
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері
- ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 қазандағы №152 бұйрығымен (өзгертулер мен толықтырулармен 12 қазан 2018 жылғы №563)
- 2018 жылғы 13 қазанындағы №569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды әзірлеу бағыттарының классификаторы.

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБІП бойынша деңгей	4
11	СБІП бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	6
в)	Кәсіби қызмет түрлері	6
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	6
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	8
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	8
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	9
20	Сертификаттау бағдарламасы	16
21	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	17
22	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	17
23	Түлектің атрибуттары	19
24	Білім беру бағдарламасының түлек моделі	19

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты.

- 1. Білім беру бағдарламасының коды:** 6B11202 HR: еңбек экономикасы және қауіпсіздігі
- 2. Білім беру саласының коды және жіктелуі:** 6B11 Қызмет көрсету
- 3. Білім беру бағдарламаларының тобы:** B094 Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар
- 4. Кредиттер көлемі:** 240 кредит
- 5. Оқу түрі:** күндізгі
- 6. Оқыту тілі:** қазақ
- 7. Берілетін академиялық дәреже:** " 6B11202 HR: еңбек экономикасы және қауіпсіздігі" білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры
- 8. Білім беру бағдарламасының түрі:** Қолданыстағы БББ
- 9. БЖХС бойынша деңгей:** бакалавриат: 6 деңгей
- 10. ҰБШ бойынша деңгей:** бакалавриат: бдеңгей
- 11. СБШ бойынша деңгей:** бакалавриат: 6 деңгей
- 12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:** жоқ
- 13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** 2020 жылғы 28 шілдедегі KZ83LAA00018495 мемлекеттік лицензияға № 16 қосымша
- 14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі:** жоқ
- 15. Білім беру бағдарламасының мақсаты** -ұйымның адами ресурстарын белсендеттіру үшін еңбек қауіпсіздігі мен экономикасының міндеттерін шешуде құзыреттілік пен дағдының қазіргі заманғы деңгейі бар мамандарды даярлау.
- 16. Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы**
 - а) Біліктілік пен лауазымдар тізімі:
HR: еңбек экономикасы және қауіпсіздігі» ББ бойынша берілген білім беру бағдарламасының түлектері келесі лауазымдарда қызмет ете алады:
 - CISO (Chief Security Officer) – қауіпсіздік бөлімінің жетекшісі, қауіпсіздік бойынша (атқарушы) директор;
 - Кәсіби, қоғамдықжәне әлеуметтік қызметтер бойынша арнайы бөлімдердің жетекшілері (басқарушылары);
 - Арнайы өндірістік, өңдеу, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің жетекшілері (басқарушылары);
 - Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша бас техникалық жетекші;
 - Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша инженерлер;
 - еңбекті қорғау бойынша инженер;
 - еңбекті нормалау бойынша инженер;
 - Өрт қауіпсіздігі бойынша инспектор;
 - Кездейсоқ жағдайларды ұйымдастыру маманы;
 - Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша объектілердің жағдайы мен жобалар сарапшысы;

- Ғылыми-зерттеу және жобалау-зерттеуші бюролар мен институттар маманы;
- Орта-техникалық оқу орындарының оқытушысы;
- Персоналмен жұмыс бойынша кадр бөлімінің қызметшісі;
- Персонал бойынша қызметтік жетекші;
- Бизнес және еңбек үрдістерінің сарапшы;
- Персоналды басқару бойынша сарапшы;
- Жұмыс орындарының сарапшысы;
- Еңбекті ұйымдастыру және нормалау бойынша инженер;
- Еңбекті ұйымдастыру бойынша инженер;
- Кастинг-менеджер
- Лауазымдық өсу саласындағы кеңесші;
- Персонал үшін кәсіби бағытталу бойынша кеңесші;
- Еңбек шарттары бойынша кеңесші;
- Аттестация бойынша координатор;
- Нормалаушы (еңбек бойынша);
- Сыйақы және жеңілдіктер бойынша маман;
- Кадрлық іс-қағаздар жүргізу бойынша маман;
- Кадр мәселесі бойынша маман;
- Кәсіби біліктілік жүйелері бойынша маман;
- Жұмысшыларды жалдау бойынша маман;
- Персоналға қызмет көрсету бойынша маман;
- Еңбек ақы төлеу бойынша маман;
- Персоналды таңдау бойынша маман;
- Персоналмен жұмыс бойынша маман;
- Еңбек қатынастары бойынша маман;
- Еңбек ресурстары бойынша маман;
- Жұмыстан босатылған персоналды жұмыспен қамту бойынша маман;
- Жұмысшылар қызметінің тиімділігін (нәтижелігін) басқару бойынша маман;
- Еңбек ақыны және есептік қаражатты есеп алу бойынша маман;
- Жәрдемақылар бойынша маман;
- Еңбек бойынша экономист;
- Еңбек жағдайларының факторларын талдау бойынша сарапшы;

- HR сарапшы;
- HR бизнес-серіктес;
- Кәсіби бейімделу бойынша инженер;
- Оқыту бойынша координатор;
- Персоналды оқыту және дамыту бойынша маман;
- Кадрларды даярлау бойынша маман;
- Еңбек ресурстарын даярлау бойынша маман;
- Персоналды дамыту бойынша маман.

б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері. Бакалаврдың кәсіби қызмет саласы экономиканың барлық салалары, соның ішінде әскери-өнеркәсіптік кешен, индустрия, ауыл және коммуналдық шаруашылық, өндіріс және тұтыну салалары, тіршілік қауіпсіздігі, төтенше жағдайларда қорғау саласындағы мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары, жобалау-іздігіру бюролары, фирмалар және жоғары оқу орындары болып табылады.

Бакалаврдың кәсіби қызметінің объектілері болып келесілер табылады:

- өндірістік, өндіруші, құрылыс, сауда және көлік жабдықтарын, жұмыс мүлкін пайдаланумен, технологиялық жүйелерді, желілерді қолданумен айналысатын барлық қызмет салалары мен түрлері бойынша өндірістер және ұйымдар;
- жабдықтарды, технологиялық жүйелерді, желілерді әзірлеумен, енгізумен және пайдаланумен айналысатын өндірістер мен ұйымдар;
- өнеркәсіптік-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалаумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдар;
- адам ресурстарын іздестірумен, іріктеумен, жалдаумен және дамытумен байланысты қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдар;
- еңбекті ұйымдастыру және оның ақысы саласында ғылыми зерттеулермен және нормалар мен нормативтерді әзірлеумен айналысатын ұйымдар;
- еңбек нарығын реттеумен және халықты жұмыспен қамту саласында әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырумен айналысатын ұйымдар.

в) Кәсіби қызмет түрлері. «HR: еңбек экономикасы және қауіпсіздігі» мамандығы бойынша бакалаврлар келесідей кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- жоспарлы-экономикалық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- сараптамалық-консультациялық;
- инвестициялық;
- ақпараттық-аналитикалық;
- өндірістік-жобалық;
- ғылыми-зерттеу;
- инновациялық.

г) Кәсіби қызметінің функциялары:

- қызметкерлерді жалдаумен, жұмыс орындарын жинақтаумен, оқытумен, қызмет бойынша жоғарылатумен, сыйақымен, персоналды аттестациялаумен, басшылар мен қызметкерлердің қатынастарымен және кадр саясатының басқа да салаларымен байланысты кадрлармен кеңес беру және жұмыс істеу;
- ұйымда орындалатын жұмыстарды әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде жұмысшылармен, жоғары тұрған лауазымды тұлғалармен және басшылармен әңгімелесуді, сондай-ақ алынған мәліметтер негізінде лауазымдардың, жұмыстар мен сабақтардың егжей-тегжейлі сипаттамасын жасауды зерттеу және талдау;
- қызметкерлерді басқару, еңбек ресурстарын зерттеу және жоспарлау, оқыту, кәсіптер бойынша ақпарат және кәсіби бағдар беру сияқты салалардағы жұмыстар мен сабақтарды талдау әдістерін әзірлеу және кеңес беру;
- жеке немесе ұжымдық сабақтар түрінде өткізілетін оқыту және дамыту бағдарламаларын әзірлеу, үйлестіру, кестелерді жасау және өткізу, сондай-ақ семинарлар, отырыстар, көрсетілімдер және конференциялар өткізуге көмек көрсету;
- қызметкерлерді даярлау және дамытудың арнайы бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында даярлау бойынша бөгде ұйымдармен байланыстарды қолдау;
- жұмысқа орналасу, мансаптық ерекшеліктерді таңдау және одан әрі оқу немесе даярлау мүмкіндіктеріне қатысты жеке тұлғаларды зерттеу және кеңес беру.
- ықтимал қауіптерді анықтау және техника қауіпсіздігі ережелерін және аспаптарды енгізу;
- стандарттау объектілерін анықтау, жаңа стандарттарды әзірлеу және стандарттар мен стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі басқа да құжаттарға өзгерістер туралы ұсыныстар дайындау;
- жаңа еңбек нормаларын әзірлеу және қолданыстағы еңбек нормаларын қайта қарау;
- кәсіпорындағы HR жобаларын талдау және басқару.

17. Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Soft skills)	ОН1	Қоғамдық сана және тіл білімі негіздерін жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ететін Қазақстанның заманауи тарихының, философиясының, қолданбалы заңның өзекті мәселелерді жүйелейді.
	ОН2	Экономикалық субъектілердің мінез-құлқын сәйкестендіреді, және маркетингтік пен қаржылық талдау, салықтық жоспарлау үшін экономикалық-математикалық әдістерді қолданады.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills)	ОН3	Өндірістің зиянды және қауіпті факторларын айқындайды, және еңбек пен денсаулықты қорғау жөніндегі нормативтік құжаттар негізінде қорғау құралдарын анықтайды.
	ОН4	Өндірісте еңбек қатынастарын құрудың ұйымдастыру-құқықтық нормаларын табады және қолданады және олардың есебі мен өтелуін анықтайды.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hard skills)	ОН5	Кәсіпорынның ұйымдық құрылымы мен менеджментінің базалық ережелерінің жүйесін түсіндіреді
	ОН6	Базалық әлеуметтік-экономикалық парадигмалар әдіснамасы және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде адамдық ресурстар экономикасын зерттеудің тұжырымдамалық аппаратын таңдайды.
	ОН7	Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттауды, сондай-ақ жабдықтар мен инженерлік жүйелер қауіпсіздігі параметрлерінің диагностикасын ұйымдастырады.
	ОН8	Инновациялық және стартап-жобаларды құру, бизнес-идеяларды генерациялау үшін бизнес-үлгінің құрылымы негізінде инновациялық бизнесті ұйымдастыру технологияларын таңдайды.
	ОН9	Басқару міндеттерін шешу үшін ынталандыру, көшбасшылық және билік теорияларын қолданады, тиімді тәжірибелерді ескере отырып командалық жұмысты құрады
	ОН10	Еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті нормалау негізінде бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша қойылған экономикалық міндеттерді шешеді.
	ОН11	Лауазымдарға қойылатын талаптарды, персоналды іріктеу және орналастыру критерийлерін, қызметкерлердің мансабын дамыту мәселелерін біледі
	ОН12	Еңбекті қорғау, эргономика және өндірістік санитария және гигиена принциптерін сақтай отырып адам-машина интерфейсіні жобалайды

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Білім таксономиясы бойынша)	Объем (ECTS)
ОН1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздер	Қазақстан тарихы (МЕ)	5
		Философия	5
ОН1	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Қолданбалы бизнес	5
		Кұқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	
ОН1	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	4
		Ғылыми зерттеудің негіздері	
ОН1	Ақпараттық-коммуникативтік	Саясаттану, Әлеуметтану	4
		Мәдениеттану, Психология	4
ОН1	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5
		Орыс тілі	10
ОН1	Ақпараттық-коммуникативтік	Шетел тілі	10
		Дене шынықтыру	8
ОН2, ОН3, ОН5, ОН7	Базалық дайындық	Экономикалық теория	6
		Микроэкономика	6
		Макроэкономика	6
		Экономикадағы математика	4
		Кәсіпорында еңбекті қорғауды ұйымдастыру және басқару	5
		Қазақстан Республикасының еңбек құқығы	5
		Техносфера қауіпсіздігі	4
		Бухгалтерлік есеп және ІС-Бухгалтерия	4

		Еңбек экономикасы	5
		Менеджмент	4
		Оқу	3
		Өндірістік	3
ОН 4, ОН 5, ОН6, ОН 9	Әлеуметтік-бағытталған экономиканың және HR теориясы мен практикасы	HR-да дизайн-ойлау Көшбасшылық және команда құру	6
		Экономикадағы ақпараттық жүйелер және сандық технологиялар HR-ға арналған ілгерімелі Excel және Power BI	6
		Экономикалық әлеуметтану Еңбек нарығы және оны реттеу	5
ОН 7, ОН 12	Еңбек қауіпсіздігі және қорғауы	Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері Қауіпсіздік саласындағы қадағалау және бақылау	5
		Ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігін техникалық қамтамасыз ету Стандарттау, метрология, сертификаттау негіздері	6
		Өлшеу әдістері және бақылау құралдары Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің инженерлік-техникалық құралдары	5
ОН 7, ОН 9, ОН10, ОН 11	Кәсіпкерлік және HR	Кәсіпкерлік және стартаптар АҚ экономикасы және ұйымдастыруы	5
		Бизнес-психологиясы Конфликтология	5
		Фирманың экономикасы Кәсіпорын экономикасы	6
		HR-дағы аутсорсинг және аутстаффинг Маркетингтік зерттеулер	6
		Жұмыс берушінің HR бренді Дарынды қызметкерлер мен корпоративтік мәдениетті басқару	4
ОН 7, ОН 9, ОН10, ОН 11	Кәсіпорында еңбекті ұйымдастыруы, нормалау және қауіпсіздігі	Еңбекті нормалау және еңбекке ақы төлеу Персоналды басқару және HR-әкімшілендіру	4
		Кәсіпорында HR жобаларды талдау және басқару Өндірістік процестер қауіпсіздігі мен жабдықтары	6
		Өндірістік	19
		Диплом алды	3
ОН 3, ОН6, ОН 7, ОН 11, ОН 12	Minor «HR заманауи технологиялары / Рекрутмент пен персонал дамуы»	HR дамуының заманауи үлгілері Рекрутмент және оның заманауи технологиялары	5
		Digital-HR және талдама Персоналды сертификаттау және аттестаттау	5
		Еңбек көрсеткіштерін талдау және жоспарлау Кадрлық консалтинг	5
		Өндірістік санитария негіздері Еңбектің эргономикалық негіздері	5
	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау	8

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредитте р саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				PO1	PO2	PO3	PO4	PO5	PO6	PO7	PO8	PO9	PO10	PO11	PO12
Жалпы білім беретін пәндер циклі Таңдау бойынша компонент															

D1	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, ҚР заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады.	5	V			V											
D2	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.		V			V											
D3	Қолданбалы бизнес	Пән идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.		V						V								
D4	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.		V				V										
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті																		
D5	Экономикалық теория	Берілген пән экономикалық ғылымның пәні мен әдістері, әлеуметтік өндіріс негіздері, нарықтық қатынастардың заңдылықтары, факторлық нарықтардың ерекшеліктері, ұлттық экономика және макроэкономикалық көрсеткіштер негіздері, макроэкономикалық тепе-теңдік, экономикалық цикл, жұмыссыздық, инфляция, экономикалық өсу және ұлттық экономика жағдайындағы тұрақтылық мәселелері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6	V		V												
D6	Микроэкономика	Берілген пән микроэкономиканың зерттеу пәні мен әдіснамасы, тұтынушылардың, кәсіпорындардың, үкіметтің, әртүрлі ресурстар иелерінің мінез-құлқы, сондай-ақ олардың арасындағы экономикалық ортадағы қатынастар туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ микроэкономикалық деңгейде нарықтық орта оқиғаларын талдау, бағалау және болжау әдіснамасын зерттеу мақсатында оқытылады.	6		V			V			V							
D7	Макроэкономика	Берілген пән макроэкономиканың зерттеу пәні мен әдістемесі, жалпы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары, қазіргі ұлттық экономиканың негізгі проблемалары, экономикалық теңсіздік пен теңдік проблемалары, экономикалық өсу мен даму, төлем балансы, тауар және ақша нарықтарының әртүрлі макроэкономикалық модельдері және олардың өзара байланыстары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6	V	V													
D8	Экономикадағы математика	Берілген пән математикалық талдаудың негізгі бөлімдері, сызықтық алгебра, дифференциалдық теңдеулер, экономикалық-математикалық модельдеу.	4		V										V			

		математикалық аппаратты қолдану, арнайы жоспарлаудың математикалық модельдерінде сызықтық бағдарламалау, теориялық және практикалық экономикалық есептерді шешу үшін сызықтық бағдарламалаудағы қосарлылық теориясы және оның қолданбалы мәндері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.													
D9	Кәсіпорында еңбекті қорғауды ұйымдастыру және басқару	Қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайларын жасау, жұмысшыларға емдеу-профилактикалық және санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі міндеттер кешенін шешу негізінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жарақаттану мен авариялылықты төмендету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру саласында білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5			V				V					V
D10	Қазақстан Республикасының еңбек құқығы	Еңбек құқығы қатынастары, еңбек құқығының пәні мен әдісі, принциптері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ еңбек туралы заңнаманы қолдану, еңбек дауларын сот және соттан тыс тәртіппен шешу, іс жүргізу құжаттарын жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.	5	V			V								
D11	Техносфералық қауіпсіздік	Пән негізгі техносфералық қауіптер, олардың қасиеттері мен сипаттамаларын, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсер етуін, өзінің кәсіби қызмет саласына қатысты олардан қорғау әдістері; техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жіктелуін қарастырады.	4			V				V					
D12	Бухгалтерлік есеп және ІС-Бухгалтерия	Берілген пән бухгалтерлік есептің, бухгалтерлік баланстың, шоттар жүйесі мен қос жазбаның, бухгалтерлік есепте құжат айналымын ұйымдастырудың, қысқа мерзімді активтердің, ақша қаражаты мен инвестицияларды есепке алудың, кірістер мен шығыстарды есепке алудың, бухгалтерлік есепті нормативтік-құқықтық реттеудің, халықаралық қаржылық есептілік жүйесінің нысанасы мен әдіснамасы туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерделенеді.	4			V		V							
D13	Еңбек экономикасы	Пән еңбек нарығы мен кәсіпорындағы еңбекті ұйымдастыру конъюнктурасы туралы білімді қалыптастыру, ұйымдағы еңбек шығындарының көрсеткіштерін, еңбекке ақы төлеу мен тиімділікті, әртүрлі факторлардың әсерінен еңбек үрдісінде қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық қатынастарды талдау дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады.	5					V	V						
D14	Менеджмент	Бұл пәнде менеджменттің теориялық және әдіснамалық негіздері, нарықтық экономикадағы басқару әдістерінің жүйесі, менеджменттегі жоспарлау, менеджменттегі мотивация қарастырылады. Менеджмент жүйесінде бақылау, Жанжалдарды басқару және басқару, басқару қызметінің этикасы саласында дағдыларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі.	4						V				V		
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша компонент															
D15	HR-да дизайн-ойлау	HR-процестер үшін дизайн-ойлау құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру, персоналды іріктеу, персоналды бейімдеу, персоналды еңбек процестеріне тарту деңгейін арттыру, кәсіпорынды білікті персоналмен Қамтамасыз ету, персоналдың кәсіпорынға деген адалдығы мен адалдығын арттыру мақсатында оқытылады.	6									V	V		
D16	Көшбасшылық және команда құру	Берілген пән командалардың түрлері мен құрылымы, топтық динамика, командалық білім беру функциялары мен құрылымы, командалық білім берудің негізгі теориялары мен технологиялары, көшбасшылық теориялары, адамның	6									V	V		

		бірлескен іс-әрекет процесінде қабылдауы, адам ресурстарын басқару саласындағы басқарушылық құзіреттілікті дамыту шарттары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.																				
D17	Экономикадағы ақпараттық жүйелер және цифрлық технологиялар	Пәннің мақсаты – жылдам өзгеретін ақпараттық салада кәсіби бағдарлауға мүмкіндік беретін дүниетанымды қалыптастыру; экономика саласында ақпаратты қабылдау, өңдеу және беру үшін ақпараттық жүйелер мен цифрлық технологияларды пайдалану қабілетін алу.	6																	V	V	
D18	HR-ға арналған ілгерімелі Excel және Power BI	Берілген пән кәсіби қызметте экономикалық ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлік технологияларды, қолданбалы бағдарламаларды қолдану, Excel-де экономикалық ақпаратты жоспарлау және модельдер құру, статистикалық талдау технологияларын, қаржылық есептеулерді, кестелік деректерді талдау технологияларын пайдалану, Excel бағдарламасында уақытты қажет ететін мәселелерді шешуді автоматтандыру құзыреттерін қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6																		V	V
D19	Экономикалық әлеуметтану	Экономикалық әлеуметтану мен әлеуметтік демографияның негізгі тұжырымдамалары туралы білімді қалыптастыру, осы тұжырымдамалармен сипатталған құбылыстар мен процестерді социологиялық модельдеу принциптерін игеру, экономикалық әлеуметтану мен әлеуметтік демография категорияларының әдіснамасы мен жүйесін қолдана отырып экономикалық процестерді социологиялық талдау дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады.	5	V																		V
D20	Еңбек нарығы және оны реттеу	Еңбек нарығы, еңбек нарығының компоненттері туралы заманауи теориялық идеялар саласында білімді қалыптастыру, аймақтық еңбек нарықтарының ауқымы мен құрылымын талдау мен болжаудың практикалық әдістерін игеру, аймақтық еңбек нарықтарының қалыптасуы мен жұмыс істеу процестерін басқару бойынша практикалық ұсыныстар жасау мақсатында оқытылады.	5					V	V	V												
D21	Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері	Өндірістік қауіптер мен кәсіптік зияндар саласындағы білімді қалыптастыру, қызметкерлердің өндірістік жарақаттануын және кәсіптік аурушаңдығын, авариялар мен өрттерді жою мақсатында олардың алдын алу немесе әлсірету әдістерін әзірлеуді жүзеге асыру, адамға жол берілетін жағымсыз әсерлердің нормативтік деңгейлерін айқындау әдістерін меңгеру мақсатында оқытылады.	5																			V
D22	Қауіпсіздік саласындағы қадағалау және бақылау	Өндірістік кәсіпорындарда өндірістік бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаларын зерделеуге байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде қорғау объектілерінің, технологиялық процестер мен өндірістердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуын ұйымдастыру және мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру саласында білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5																			V
D23	Ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігін техникалық қамтамасыз ету	Пән жобалауды нормативтік құжаттар жиынтығымен реттелетін процесс ретінде зерттейді, оның ішінде ережелер, нормалар, ұйымның, кәсіпорынның немесе өндірістің алдағы жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аннотациялар, технологиялық процестердің әдеттегі ағымы, жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі критерийлерін құру. Бұл мәселелер көбінесе жобаны әзірлеу сатысында шешіледі. Құрылыстағы техникалық регламенттер. Құрылыстағы ережелер жиынтығы және	6																			V

		ұлттық стандарттар.																	
D24	Стандарттау, метрология, сертификаттау негіздері	Пәнді оқыту студенттердің стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері туралы ғылыми білімдерді иеленуге мүмкіндік береді. Стандарттаудың заңнамалық және нормативтік базасын білу және Қазақстан Республикасында стандарттау бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі заңдылықтарымен, ҚР Мемлекеттік стандарттау жүйесімен танысу. Шет елдердегі стандарттау. Халықаралық және аймақтық стандарттау. Сертификаттаудың мәні мен мазмұны. ҚР сертификаттаудың құқықтық негіздері және ұйымдастыру-әдістемелік принциптері. Халықаралық сертификаттау.	6				V	V				V							
D25	Өлшеу әдістері және бақылау құралдары	Курс өлшеу әдістері мен құралдары, сынақтар мен бақылау, өлшеудің өзекті мәселелері туралы жалпы мәліметтермен танысу үшін оқытылады. Қоршаған орта сапасы мен Тіршілік қауіпсіздігін нормалау кезінде өлшеу құралдарын қолдану мәселелері, бақылау мен өлшеудің принциптері мен тәсілдері қарастырылады.	5									V				V			V
D26	Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің инженерлік-техникалық құралдары	Оқу пәні объект пен персонал үшін қауіптер мен қатерлерді, қауіпсіздіктің электрондық жүйелерінің құрамында пайдаланылатын техникалық құралдардың номенклатурасы мен сипаттамаларын, олардың типтерін таңдауды, алынған деректер мен нәтижелерді талдау және бағалау әдістерін, ақпарат пен объектілердің қауіпсіздігіне төнетін қатерлердің әдістері мен техникалық құралдарын, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері мен техникалық құралдарының қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделейді. объектілерді Қоршау және сақтандыру құрылғылары, қауіпсіздік дабылы.	5									V							V
D27	Кәсіпкерлік және стартаптар	Курс кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға және бизнес-идеяны генерациялау дағдыларын дамытуға, бизнес-модельді әзірлеуге, MVP-ді анықтау, стартаптың коммерциялық перспективасын бағалауға, оны одан әрі масштабтау мүмкіндігімен тәжірибелік іске асыруға, өзінің студенттік стартап-жобасын таныстыруға арналған.	5						V				V	V					
D28	АҚ экономикасы және ұйымдастыруы	Пәнді оқыту - акционерлік қоғам нысанында құрылған кәсіпорынның экономикасы туралы студенттердің білімін тереңдетуге мүмкіндік береді. Пәнді оқытудың міндеттері: акционерлік қоғамды құру тәртібі туралы, акционерлердің құқықтары мен міндеттері туралы, акционерлік қоғамды басқару туралы, қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату туралы, акционерлік қоғамның бағалы қағаздары, портфельдік стратегиялар, дивидендтік саясат туралы, Акционерлік Қоғамның инвестициялық белсенділігі мен тартымдылығын бағалау туралы теория қарастырылады.	5			V			V			V							
D29	Бизнес-психология	Пән басқа адамдармен өзара әрекеттесуді, шешім қабылдауда қандай алгоритмдерді басшылыққа алуды, серіктестермен келіссөздер жүргізуді және адам ресурстарын басқаруды зерттеуге бағытталған. Табысты бизнесмен құралдар мен әдістер қызметкерлердің қызметін дұрыс бағалауға қалай мүмкіндік беретінін білугі керек.	5											V			V		
